

«Адал ұрпақ» клубының
2022-2023 жылға арналған
КЕШЕНДІ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Іс-шараның атауы	Сынып	Мерзімдері	Жауапты
1	«Адал ұрпақ» клубының қызметін ұйымдастыру, «Адал ұрпақ» клубының мектепшілік жұмыс жоспарын дайындау және бекіту	5-11 сынып	Тамыз	ДТЖӨ Л.Ерболқызы
2	Білім беру ұйымдарының сайтында «Адал ұрпақ» клубтарының қызметі туралы рубрика ашу	1-11 сынып оқушылары	Қыркүйек	ДТЖӨ Л.Ерболқызы
3	Әлеуметтік желілерде @jasulan_kz парақшасында #adaluipak хэштегімен рубрика жүргізу	1-11 сынып оқушылары	Қыркүйек	ДТЖӨ Л.Ерболқызы
4	Сынып сағаттарының тақырыптық жоспарларына оқушылардың адалдық және құқықтық мәдениетін арттыруға арналған сұрақтарды қосу	1-4 сынып оқушылары («Жас Қыран» кіші буыны)	Қазан	Сынып жетекшілері
6	Білім беру мекемесі директорының балаларды және ата-аналарды жеке қабылдауын ұйымдастыру	1-11 сынып оқушылары	Жыл бойы	Сынып жетекшілері
7	«Сенім жәшіктері» жобасын іске қосу	1-11 сынып оқушылары	Жыл бойы	ДТЖӨ
8	«Адалдық сағаты» онлайн-дәрістер өткізу	5-11 сынып оқушылары	Тұрақты	Сынып жетекшілер
9	«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» сурет байқауы	1-11 сынып оқушылары	Қараша	Сынып жетекшілер
11	«Сыбайластықтың, жемқорлықтың, құқықбұзушылықтың картасы» атты дебат турнирі	1-11 сынып оқушылары	Ақпан	«Абай» дебат клубы

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының анты:

«Адал ұрпақ» еріктілер қатарына қабылдана отырып:
Қазақстан Республикасының патриоты болуға;
Өз Отанымды, тілімді қастерлеуге;
Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге;
Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге;
Білімге құштар болуға;
Салауатты өмір салтын ұстануға;
Абыройлы, адал, әділетті болуға;
Өз бойымды сыбайлас жемқорлықтан алыс ұстауға және
оны өз достарымнан талап етуге, мәңгілік ел идеясын
жүзеге асыруға, Отаныма шексіз қызмет етуге өз үлесімді
қосуға салтанатты түрде ант етемін!

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының ұраны:

Жемқорлық – індет,
Жою- міндет

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Абай Құнанбайұлы атындағы
№87 мектеп-гимназиясы» КММ 2021-2022 оқу жылына арналған
Мектепшілік ерікті «Адал ұрпақ» клубының жемқорлыққа қарсы тұру
мәдениетін қалыптастыруға арналған бағдарлама ережелері**

1. Жалпы ережелер

Осы мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін, рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбие құрамында қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) тәрбиенің концептуалдық негіздеріне, мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін, азаматтық-патриоттық тәрбие құрамында қалыптастыру. Бағдарламаға сәйкес әзірленіп «Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы» КММ 1-11 сынып оқушылары үшін жемқорлыққа қарсы бағыттағы іс-шараларын қамтыған тәрбие жұмысын жүргізу ретін анықтайды.

2. Тәрбие жұмысының мақсаты

Осы Бағдарламаның мақсаты жоғары адамгершілікті, жауапты, талапты және әлеуметті білікті азамат пен патриот қалыптастырып, дамыту.

3. Тәрбие жұмысының міндеттері

-рухани-адамгершілік пен азаматтық-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру
-білім алушылардың мемлекеттік үкімет институттарына сенімін арттыру;
-білім алушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;
-білім алушылардың жемқорлыққа қарсы сипатты игілікті-әдептік құндылықтарын қалыптастыру.

4. Кешенді іс-шараларды өткізу үшін келесі тәрбие түрлері пайдаланылады.

-адамгершілік тәрбиесі моральдық-әдептілікті, әр оқушының жемқорлыққа шыдамсыздығын қалыптастыруға бағытталған;
-әлеуметтік-құқықтық тәрбие азамат пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың мәні туралы түсінік алуға, құқықтары мен міндеттеріне, құқықтық нормаларды сақтау қажеттігіне көз жеткізуге, жемқорлықтың қоғам үшін қауіптілігін түсінуіне бағытталған;
-эстетикалық тәрбие мектеп оқушыларының эстетикалық ұстанымы мен қоршаған болмысқа тілектестік және отансүйгіштік қатынас қалыптастыруға жағдай жасайтын өнер туындыларының, әдебиеттің көркемдігін түсінушілігін дамытуға бағытталған.

5. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы

-«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының негізгі міндеттері болып, мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, жемқорлыққа

төзбеушілікті нығайтуға ынталыларды мадақтау, жемқорлыққа қарсы сипатты шараларға қатысу;

-«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы келесі сипатты секциялардан тұрады: жемқорлыққа қарсы білімдер; жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық; жаппай мәдениеттік шаралар;

-Жемқорлыққа қарсы білімдер секциясы лекциялар, дөңгелек үстелдер және басқа ағарту шараларын ұйымдастыруға қатысады;

-Жаппай мәдениеттік шаралар секциясы науқандар, флэшмобтар, диалогтік алаңдар, қоғамдық ардагерлер ұйымдары, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесулер және басқа әлеуметтік мәнде шаралар ұйымдастыруға қатысады.

6. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы туралы ереже

Ерікті «Адал ұрпақ» мектеп клубының негізгі мақсаттары мен міндеттері мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, жемқорлыққа төзбеушілікті нығайту бойынша ынталыларды мадақтау, жемқорлыққа қарсы сипатты шаралар ұйымдастыруға қатысу болып саналады.

Ұжым: 5-11 сынып оқушылары.

Құрылымы: Ерікті «Адал ұрпақ» мектеп клубы келесі сипатты секциялардан құралған:

- 1) Жемқорлыққа қарсы білімдер;
- 2) Жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық;
- 3) Жаппай мәдени іс шаралар.

Клуб жетекшісі: Рахимбаева Лаура Ерболқызы

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі «Абай Құнанбайұлы атындағы
№87 мектеп-гимназия» КММ
«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жүргізілуі**

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының мақсаты оқушыларды рухани адамгершілікке баулу, азаматтық – патриоттық негізде тәрбиелеу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту, оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыру. Мектеп клубы мақсатқа сай жоспармен жұмыс жасап келеді.

Оқу жылының басында «Адал ұрпақ» еріктілер клубы өз құрамын қайта жасақтады. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы 5-11 сынып оқушылары арасынан 30 оқушыдан тұратын «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылды. Ерікті мектеп клубының құрамына мектеп белсенділері мен көшбасшылары енді.

Сонымен қатар оқушыларды отансүйгіштікке, азаматтылыққа, адамның құқықтарына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу мақсатында ашылған **«Парасатты азамат»** бұрышы жаңа ақпараттар мен ойларға толықты.

Сынып сағаттарының тақырыптық жоспарларына адамгершілік және құқықтық тәрбие бағытындағы тақырыптар енгізіліп, «Адалдық сағаттары» өтуде.

Өткен оқу жылында бастама алған авторлық **«Абай ізімен парасатты қоғамға» атты әлеуметтік жобасы** өз жұмысын жалғастыруда. Жоба мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын тікелей Абай атамыздың ұстанымы мен қара сөздері, нақыл әңгімелері арқылы оқушы бойына сіңіру. Мектебіміз Абай атындағы оқу орны болғандықтан адал еңбек бейнесін ұлы тұлғамыздың шығармашылығы мен философиясы арқылы дәріптеу ұтымды әрі дұрыс шешім деп білеміз.

Сонымен қатар 5-11 сынып оқушылары арасында «Адал еңбек – жарқын өмір» тақырыбында сурет байқауы, «Адал ұрпақ – Қоғамдық тәртіп негізі» атты презентация жарыстары өткізілді.

Клуб жетекшісі: Рахимбаева Лаура Ерболқызы

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі «Абай Құнанбайұлы атындағы
№87 мектеп-гимназия» КММ
«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының
ЕСЕБІ**



Оқу жылының басында «Адал ұрпақ» клубы «Жас Ұлан» ББЖҰ» РҚБ мектеп комитетінде «Жеті жарғы» бағыты бойынша қайта құрылып, өз жұмысын бастап кетті. Мүшелікке 932 оқушы тіркелді. «Адал ұрпақ» клубының мектепшілік жұмыс жоспары дайындалып, бекітілді.

Оқушыларды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу мақсатында мүшелерінің ұйытқы болуымен «Парасатты

этикалық


өмірге

клуб



азамат» орналасқан, онда құнды ақпараттар жинақталды.

«Адалдық дүкені» адалдыққа шақырады. «Адалдық алаңы» жобасы аясында мектеп қабырғасында "Адалдық дүкені" өз жұмысын жалғастырып келеді. Оның негізгі мақсаты: қандай істе де адал болу, адамдардың бір-біріне деген сенімділіктерін арттыру, жемқорлыққа қарсылық мәдениетін дамыту, адамдыққа тәрбиелеу. «Адалдық дүкенінің" өзгешелігі сол, мұнда еш дүкенші болмайды. Әрбір адам өзіне қажетті затын алып, оның ақшасын арнаулы жәшікке салып кетеді. Бұл адам бойында тазалық, адалдық, жауапкершілік қасиеттерін көбірек сіңіруге себеп болмақ. Мектептегі «Адалдық дүкенінің» - білім алушыларымыз үшін нағыз тәрбие мекені болатынына сеніміміз мол.



Қазан айында адал ұрпақ мүшелерінің қатысуымен «Егемен қап» атты қалалық дебат турнирі өтті. Тәуелсіздік бізге оп-оңай келе салған жоқ. Біз оны бабамыздың қанымен, анамыздың жасымен, тағдырлы тарихымызбен өтеп алдық. Егемендіктің еңселі сәтінде, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай Абай мектебінде

салған жоқ. Біз оны бабамыздың қанымен, анамыздың жасымен, тағдырлы тарихымызбен өтеп алдық. Егемендіктің еңселі сәтінде, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай Абай мектебінде

қалалық “Егемен сур” пікірсайыс турнирі өткізілді. Тәуелсіз елдің еркін ойлы жастарының пікірін тыңдау осы күннің еншісінде екен. Турнирде: 1. «Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы» КММ

2. №56 мектеп-лицейі

3. №54 мектеп-лицейі

4. №77 мектеп-лицейі

5. №55 орта мектебі

6. Халықаралық мектеп

7. №64 мектеп -лицейі

8. №67 гимназия

9. № 82 «Дарын» мамандандырылған мектеп лицейі

10. Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы секілді білім ордаларынан шыққан шешен тілді жастар ой жарыстырып, ақиқатты айшықтап айтуға тырысты. Нәтижесінде №54 мектеп-лицейінің “CapsLock” және № 82 «Дарын» мамандандырылған мектеп лицейінің «Дарын» командалары ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Жүлделі ІІ орынды №4 мектеп-гимназиясы иеленсе, І.Есенберлин атындағы №67 гимназия жүлделі І орынды иеленді.



Мектепішілік 5-11 сынып оқушылары арасында «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» атты тақырыпта сурет байқауы өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мектебіміздің жас суретшілерінің көзімен сипатталды. Мектепішілік байқауда ең үздік танылған 8 «Г» сынып оқушысы Қабылғазы Ғанидың жұмысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және нығайту, сондай-ақ заманауи талаптарда

парасатты тұлғаны дамыту мақсатында «Жастардың әлеуметтік және тұрақты даму қоры» ҚҚ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қолдаумен Қазақстан Республикасы бойынша «Адал еңбектің жарқын бейнесі» жас суретшілер байқауына жолданды.

Мектебімізде әр сынып үштік одақта жұмыс жасайды. Ата-ана, ұстаз, оқушы. Адал ұрпақ мүшелерімен бірге ата-аналар жиналысын кездесу форматында өткізді. Осы мақсатта 26 наурыз 7 “Г” сынып оқушылары, ата-аналары,



сынып жетекшісі Нұр-Сұлтан қалалық Қалибек Қуанышбаев

атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрына барып, “Абай” трагедиясын тамашалап келді. Ұрпақ тәрбиесі жолында мектеп пен отбасы қарым-қатынасы маңызды деп білеміз! Кездесу барысында отбасының құқықтық тәрбиедегі және құқық

бұзушылықтан бас тартып, бос уақыттарын тиімді пайдалану көзделді. Сынып жетекшісі: Дариха Сәбитқызы.



nur_abai_87mg

nur_abai_87mg «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының мақсаты оқушыларды рухани адамгершілікке баулу, азаматтық – патриоттық негізде тәрбиелеу; Сыйбалас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыйбалас жемқорлыққа қарсы құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту, оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыру. Мектеп клубы мақсатқа сай жоспармен жұмыс жасап келеді. Оқу жылының басында «Адал ұрпақ» еріктілер клубы өз құрамын қайта жасады. Мектепте сыйбалас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтеру, сыйбалас жемқорлыққа қарсы сипаттағы 5-11 сынып оқушылары арасынан 30 оқушыдан тұратын «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылды. Ерікті мектеп клубының құрамына мектеп болсонділері мен қойбасшылары енді. Сонымен қатар оқушыларды отансүйгіштікке, азаматтылыққа, адамның құқықтарына, сыйбалас жемқорлыққа қарсы мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, өмірге жасалпаздықпен қарауға тәрбиелеу мақсатында ашылған «Парасатты азамат» бірінші және екінші сатылар мен ойларға толықты. Сынып сағаттарының тақырыптық жоспарларына адамгершілік және құқықтық тәрбие бағытындағы тақырыптар енгізіліп, «Адалдық сағаттары» өтуде. Өткен оқу жылында бастама алған авторлық «Абай ізімен парасатты қоғамға» атты әлеуметтік жобасы өз жемісін жинақтауда. Жоба мақсаты – сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын тікелей Абай атамның ұстанымы мен қара сөздері, нақыл әңгімелері арқылы оқушы бойына сіңіру. Мектебіміз Абай атындағы оқу орны болғандықтан адал еңбек.

Статистика

Нравится aigul.kashaeva и ещё 38

11 ОКТЯБРЬ 2021 Г.

Добавьте комментарий...

Открыть карточку

**«Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы» КММ
«Сыбайластықтың, жемқорлықтың, құқықбұзушылықтың картасы»
атты дебат турнирінің**

АНЫҚТАМАСЫ

**«СЫБАЙЛАСТЫҚТЫҢ, ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ,
ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ КАРТАСЫ»
АТТЫ ДЕБАТ ТУРНИРИ**



Абай Құнанбайұлы атындағы
№87 мектеп-гимназиясы

№82 Дарын мамандандырылған
мектеп-лицейі

15.02.2021. #АНТИКОРLIVE , «Саналы ұрпақ» жобалары аясында «Абай» дебат клубының жетекшілері Абдиров Өркен мен Қабен Нұрболаттың ұйымдастыруымен «Сыбайластықтың, жемқорлықтың, құқықбұзушылықтың картасы» тақырыбында жолдастық дебат турнирі өтті. Турнир №82 Дарын мамандандырылған мектеп-лицейі мен

Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясының арасында БПФ форматында онлайн түрде зум платформасы арқылы жүзеге асты. Турнирдің басты мақсаты оқушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу, құқықбұзушылық туралы сауатын ашу, екі мектеп арасындағы байланысты нығайту және оқушылардың дебатқа деген қызығушылығын арттыру болды. Турнирге Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясынан «Феникс» және «Гучи» командалары қатысса, №82 Дарын мамандандырылған мектеп-лицейінен «Дарын 1» және «Дарын 2» командалары қатысты. Дебатқа ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің магистранты Үміт Мықтыбек төрелік етті. Әр команданың спикерлері тақырып бойынша өз ойларын ортаға салды. Жарыссөз нәтижесінде 1 орынды «Феникс» тобы иеленді.

